# Қызылорда облысында ортақ су пайдалану қағидаларын белгілеу туралы

Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 17 шілдедегі № 334 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 шілдеде № 6851 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Қызылорда облыстық мәслихатының 27.10.2023 № 56 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Су кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Кодексінің 38-бабының 1) тармақшасына және "Ортақ су пайдаланудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 19-1/252 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11434 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Қызылорда облысында ортақ су пайдалану қағидалары белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облыстық мәслихатының 27.10.2023 № 56 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қызылорда облыстық мәслихатының кезекті 34-сессиясының төрағасы* | *Н. Әмитов* |
| *Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы* | *Н. Байқадамов* |

Қызылорда облыстық мәслихатының
2019 жылғы 17 шілдедегі
№ 334 шешімімен бекітілген

# Қызылорда облысында ортақ су пайдалану қағидалары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облыстық мәслихатының 29.05.2020 № 436 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Осы Қызылорда облысында ортақ су пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Су Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 38-бабының 1) тармақшасына, 65-бабының 4-тармағына, "Ортақ су пайдаланудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің

2015 жылғы 20 наурыздағы № 19-1/252 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11434 болып тіркелген) сәйкес әзірленді және Қызылорда облысының өңірлік жағдайының ерекшелігін ескере отырып ортақ су пайдалану тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облыстық мәслихатының 27.10.2023 № 56 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Ортақ су пайдалану халықтың мұқтаждарын қанағаттандыру үшін су объектілері жекелеген жеке немесе заңды тұлғаларға бекітіліп берілмей және судың жай-күйіне әсер ететін құрылыстар немесе техникалық құрылғылар қолданылмай жүзеге асырылады.

3. Ортақ су пайдалануды жүзеге асыру үшін арнайы рұқсат талап етілмейді.

4. Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың ортақ су пайдалану объектілеріне халықтың кіруін қоршаулар, күзет пункттерін, тыйым салатын белгілер орнату жолымен шектеуіне жол берілмейді.

5. Экологиялық, техникалық және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігі мақсатында ортақ су пайдалану шектелуі немесе оған тыйым салынуы мүмкін.

6. Ортақ су пайдалануға:

1) шаруашылық-ауыз су мақсаттарын қанағаттандыру үшін;

2) ықтимал сел қаупі бар су объектілерін қоспағанда, рекреациялық мақсаттарда, жаппай демалу, туризм және спорт мақсаттарында;

3) кеме қатынасы және шағын кемелерді пайдалану үшін;

4) мал суару үшін су объектілерін пайдалану жатады.

7. Шаруашылық-ауыз су мақсаттарын қанағаттандыру үшін жер үсті су көздерінен су алу судың жай-күйіне әсер ететін құрылыстар немесе техникалық құрылғылар қолданылмай жүзеге асырылады.

8. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылысжайларындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерді экологиялық талаптар мен адам өмірінің қауіпсіздігін сақтай отырып, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы, қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдармен келісім бойынша Қызылорда облысының әкімдігі белгілейді.

9. Кеме қатынасы санатына жатқызылған Қазақстан Республикасының жер үсті су объектілері, оларды осы мақсаттарға пайдалануға толық немесе ішінара тыйым салынған не олар оқшау пайдалануға берілген жағдайларды қоспағанда, ортақ пайдаланудағы су жолдары болып табылады.

Су объектілерін кеме қатынасы санатына жатқызу тәртібі, кеме қатынасы, әуе кемелерінің ұшуы (қонуы) үшін пайдаланылатын кеме қатынасы су жолдарының

тізбесі және оларды пайдалану қағидалары Кодекстің 105-бабының 3-тармағына сәйкес бекітілетін қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

10. Су объектілерін мал суару үшін пайдалануға санитарлық қорғау аймақтарынан тыс жерде және суат алаңдары мен су объектілерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын басқа да құрылғылар болған жағдайда жол беріледі.

11. Қызылорда облыстық мәслихаты мәслихаттың кезекті немесе кезектен тыс сессиясы барысында азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында өңірлік жағдайлардың ерекшеліктерін ескере отырып, ортақ су пайдалану қағидаларында өңірдің аумағында орналасқан су объектілерінде шомылу, ауыз су және тұрмыстық қажеттіліктерге су алу, мал суару, шағын кемелерде және басқа да жүзу құралдарында жүзу жүзеге асырылмайтын жерлерді айқындайды.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облыстық мәслихатының 27.10.2023 № 56 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11-1. "Су айдындарындағы қауіпсіздік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 19 қаңтардағы № 34 бұйрығының ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10335 болып тіркелген) талаптарына сәйкес су айдындарының қауіпті және шомылу үшін жабдықталмаған учаскелерінде жергілікті атқарушы органдар су айдындарында тыйым салатын және ескертетін қауіпсіздік белгілерін орнатады.

Жабдықталмаған су айдындарында және "Суға түсуге тыйым салынады" деген белгілер орнатылған жерлерде шомылуға болмайды.

Ескерту. Шешім 11-1-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 27.10.2023 № 56 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11-2. Азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында Қызылорда облысының аумағында орналасқан су объектілерінде шомылуға тыйым салынған жерлер осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес айқындалсын.

Ескерту. Шешім 11-2-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 27.10.2023 № 56 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12. Қызылорда облысының әкімдігі тиісті аумақтарда орналасқан су объектілерінің, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жай-күйі туралы халықты хабардар етуді жүзеге асырады.

13. Оқшау немесе бірлесіп су пайдалануды жүзеге асыратын су пайдаланушы, егер Қызылорда облыстық мәслихатының шешімдерінде өзгеше белгіленбесе, Кодекстің 67-бабының 3-тармағына және 68-бабының 4-тармағына сәйкес ортақ су пайдалану шарттары немесе оған тыйым салу туралы жариялайды.

14. Ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын жариялау үшін оқшау немесе бірлесіп су пайдалануды жүзеге асыратын су пайдаланушы Қызылорда облыстық мәслихатына ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын белгілеудің қажеттігі негізделген ұсыныс енгізеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облыстық мәслихатының 27.10.2023 № 56 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

15. Қызылорда облыстық мәслихаты мәслихаттың кезекті немесе кезектен тыс сессиясы барысында ортақ су пайдаланудың шарттарын немесе оған тыйым салынатынын белгілеу бойынша тиісті шешім қабылдайды және оны үш жұмыс күні ішінде су пайдаланушыға жолдайды.

16. Жарияланған ортақ су пайдаланудың шарттары немесе оған салынатын тыйымдар шаруашылық-ауыз су мақсаттарын қанағаттандыру үшін ортақ су пайдалануды жүзеге асыруды шектемеуі тиіс.

17. Су пайдаланушы Қызылорда облыстық мәслихатынан оң шешім алғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, сондай-ақ, арнайы ақпараттық белгілер арқылы халықты шомылуға жол берілмейтіні және ортақ су пайдалануды жүзеге асырудың басқа шарттары туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді.

18. Ортақ су пайдалану үшін су объектілерін пайдалану кезінде жеке және заңды тұлғалар:

1) су объектілерін ұқыпты пайдалануы;

2) су объектілерін пайдаланудың белгіленген режимін сақтауы;

3) су объектілерінде мәдени, спорттық және басқа да іс-шараларды өткізу кезінде қауіпсіздік шараларын сақтауы;

4) су объектілерін және іргелес аумақтарын тиісті санитариялық нормаларға сай ұстауға, тұрмыстық, құрылыс және басқа да қалдықтармен қоқыстауға, іргелес аумақтарды ластаудың алдын алу және жою жөніндегі іс-шараларды уақытылы жүзеге асыруы тиіс.

19. Ортақ су пайдаланудың су объектілерін пайдалану кезінде:

1) су объектісін ластауға және қоқыстауға;

2) шомылуға арналған орындарда киім жууға және жануарларды шомылдыруға;

3) ескерту немесе тыйым салу жазулары бар арнайы ақпараттық белгілер қойылмаған орындарда шомылуға;

4) арнайы ақпараттық белгілерді өз еркімен алып тастауға, бұзуға және жоюға;

5) аумақта жанар-жағар май материалдарын сақтауға;

6) көлікке жанар май құюды, жууды және жөндеуді жүзеге асыруға;

7) су объектілерінде және оларға тікелей жақын жерде кәмелетке толмаған балаларды үлкендердің қарауынсыз тастауға;

8) су акваториясында қозғалтқыштың қуаттылығы 40 ат күші және күші одан жоғары шағын көлемді кемелердің пайдаланылуына және қозғалуына (оның ішінде қолдан жасалған Байдалар) жол берілмейді.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қызылорда облыстық мәслихатының 17.03.2021 № 19; 27.10.2023 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Қызылорда облыстық мәслихатының
2019 жылғы 17 шілдедегі
№ 334 шешімімен бекітілген
Қызылорда облысында
ортақ су пайдалану қағидаларына
қосымша

## Қызылорда облысының аумағында орналасқан су объектілерінде шомылуға тыйым салынған жерлер

Ескерту. Шешім қосымшамен толықтырылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 27.10.2023 № 56 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

| № | Су объектісінің атауы | Су объектісінің немесе участкесінің орналасқан жері | Су объектілеріндегі орындар (ендік пен бойлық координаттары) | | Координаттар арасындағы қашықтық | Ортақ суды пайдалануды шектеу |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Координаттың басталуы | Координаттың аяқталуы | | |
| Қызылорда қаласы | | | | | | |
| 1 | | "КОПЭС" саяжай аймағы тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы | 44.75728 ºС 65.55432 ºВ | 44.76181 ºС 65.57808 ºВ | 3000 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |
| 2 | | Тасбөгет кентіндегі Қызылорда су торабынан "Батыс Еуропа-Батыс Қытай" магистралды тас жолының 1815+700 шақырымындағы көпіріне дейінгі өзеннің екі жақ жағалауы | 44.763511 ºС 65.536711 ºВ | 44.759696 ºС 65.582654 ºВ | 2000 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | | "Батыс Еуропа-Батыс Қытай" магистралды тас жолының 1815+700 шақырымындағы көпірінен Тасбөгет кентіндегі су тазалау станциясына дейінгі өзеннің екі жақ жағалауы | 44.77536 ºС 65.53862 ºВ | 44.77850 ºС 65.54422 ºВ | 500 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |
| 4 | | "Арай" шағын ауданы тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы | 44.79824 ºС 65.49461 ºВ | 44.81327 ºС 65.49522 ºВ | 2000 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |
| 5 | | "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы – "Халыққа қызмет көрсету орталығы" департаменті тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы | 44.82216 ºС 65.49609 ºВ | 44.82950 ºС 65.49583 ºВ | 1500 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |
| | | "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | Сырдария өзені | қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы – " Халыққа қызмет көрсету орталығы" департаменті жанындағы автокөлік көпірінен 3-ші іріленді рілген кварталға дейінгі өзеннің екі жақ жағалауы | 44.84668 ºС 65.45633 ºВ | 44.85748 ºС 65.45318 ºВ | 1500 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| 7 | | "Мерей" шағын ауданы тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы | 44.83939 ºС 65.46196 ºВ | 44.85463 ºС 65.45686 ºВ | 2000 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| 8 | | Т.Рысқұлов пен М.Саламатов көшелерінің қиылысынан Тәуелсіздік көшесіне дейінгі өзеннің екі жақ жағалауы | 44.86466 ºС 65.43121 ºВ | 44.87498 ºС 65.42050 ºВ | 1000 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| 9 | | Тәуелсіздік көшесінен " Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасын ы ң " Облыстық фтизиопульм онология орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық | 44.75704 ºС 65.55396 ºВ | 44.76339 ºС 65.56381 ºВ | 900 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | мемлекеттік кәсіпорнына дейінгі өзеннің екі жақ жағалауы | | | |
| 10 | | "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық фтизиопульмонология орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнынан "Ягодка" саяжай аймағына дейінгі өзеннің екі жақ жағалауы | 44.85588 ºС 65.45591 ºВ | 44.87241 ºС 65.42155 ºВ | 3000 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |
| 11 | Сол жаға магистралды каналы ( Ширкейлі каналы) | Қызылорда су торабынан "Наурыз" шағын ауданына дейінгі каналдың екі жақ жағалауы | 44.76328 ºС 65.53466 ºВ | 44.78795 ºС 65.46693 ºВ | 5000 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |
| 12 | | Тасбөгет кентінен Қарауылтөбе елді мекеніне дейінгі каналдың екі жақ жағалауы | 44.81208 ºС 65.57787 ºВ | 44.76443 ºС 65.53765 ºВ | 4000 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |
| 13 | | Белкөл кентіндегі көне көпірден Абай елді мекенінің | 44.76016 ºС | 44.74955 ºС | 1000 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Оң жаға магистралды каналы | көпіріне дейінгі каналдың екі жақ жағалауы | 65.57142 ºВ | 65.58967 ºВ | | |
| 14 | | Байқадам су торабынан Қарауылтөбе және Досан елді мекендеріне дейінгі каналдың екі жақ жағалауы | 44.87961 ºС 65.54675 ºВ | 44.90125 ºС 65.56364 ºВ | 1500 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |
| 15 | Қалғандария көлі | "ПМК-29" саяжай аймағы тұсындағы көлдің жағалауы | 44.72473 ºС 65.62443 ºВ | 44.71528 ºС 65.68856 ºВ | 2500 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |
| 16 | Жаңадария каналы | "ПМК-66" саяжай аймағынан "Тепловик" бау-бақша кооперативіне дейінгі каналдың екі жақ жағалауы | 44.72634 ºС 65.55215 ºВ | 44.71006 ºС 65.53572 ºВ | 1500 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |
| Арал ауданы | | | | | | |
| 17 | Сырдария өзені | Қызылжар елді мекені тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы | 46.002455 ºС 61.757992 ºВ | 46.023311 ºС 61.750837 ºВ | 2000 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |
| 18 | | Аманөткел елді мекені тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы | 46.113488 ºС 61.508567 ºВ | 46.097736 ºС 61.543048 ºВ | 1500 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |
| 19 | | Хан елді мекені тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы | 46.0652°С 61.3000°В | 46.0550°С 61.2957°В | 1000 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 20 | | Аққұлақ елді мекені тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы | 46.0421°С 61.2057°В | 46.0401°С 61.2019°В | 1000 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |
| 21 | | Ақлақ су торабының екі жақ беті | 46.107557 ºС 60.865016 ºВ | 46.163418 ºС 60.882022 ºВ | 1000 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |
| 22 | Қамыстыбас көлі | Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің "Қамыстыбас балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны тұсындағы учаске | 46.0904°С 61.4523°В | 46.0903°С 61.4521°В | 500 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |
| 23 | | "Кәрібөгет" көпірінің тұсында | 46.0923°С 61.3752°В | 46.0930°С 61.3750°В | 100 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |
| 24 | Кіші Арал теңізі | Көкарал су бөгетінің екі жақ беті | 46.111516 ºС 60.782033 ºВ | 46.365042 ºС 60.792710 ºВ | 2500 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |
| Қазалы ауданы | | | | | | |
| 25 | | Байқожа елді мекенінен Ақсуат елді мекеніне дейінгі өзеннің екі жақ жағалауы | 45.723723 ºС 62.941489 ºВ | 45.728989ºС 62.925936 ºВ | 1500 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |
| 26 | | Ақсуат елді мекенінен Майлыбас теміржол станциясына дейінгі өзеннің екі жақ жағалауы | 45.812889 ºС 62.617268 ºВ | 45.821383 ºС 62.610500 ºВ | 1500 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 27 | Сырдария өзені | Басықара су торабының жоғары су деңгейін өлшеу бекетінен төменгі су деңгейін өлшеу бекетіне дейінгі өзеннің екі жақ жағалауы | 45.760213 ºС 62.330145 ºВ | 45.752806 ºС 62.295098 ºВ | 800 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |
| 28 | | Қызылорда облысының білім басқармасының "Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің "Шағала" балаларды сауықтыру демалыс орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнынан Абай елді мекенінің қалқымалы көпіріне дейінгі өзеннің екі жақ жағалауы | 45.741510 ºС 62.131177 ºВ | 45.740309 ºС 62.104341 ºВ | 1500 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |
| 29 | | Қарлан көпірінен Бірлік елді мекеніне дейінгі өзеннің екі жақ жағалауы | 45.658944 ºС 61.942505 ºВ | 45.686886 ºС 61.896273 ºВ | 3000 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |
| 30 | | "Досқали" учаскесінен Әлсейіт қалқымалы көпіріне | 45.775360 ºС 61.692116 ºВ | 45.783429 ºС 61.678272 ºВ | 2000 метр | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | дейінгі өзеннің екі жақ жағалауы | | | | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| 31 | Оң жаға магистралды каналы | Басықара елді мекенінен Қазалы қаласына дейінгі каналдың екі жақ жағалауы | 45.760575 ºС 62.316547 ºВ | 45.758303 ºС 62.311567 ºВ | 600 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| 32 | | Қазалы қаласы тұсындағы каналдың екі жақ жағалауы | 45.776924 ºС 62.077437 ºВ | 45.776764 ºС 62.075111 ºВ | 300 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |
| 33 | Мариямкөл көлі | Тасарық елді мекені тұсындағы көлдің жағалауы | 45.511110 ºС 61.996221 ºВ | 45.505053 ºС 61.928375 ºВ | 7000 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| 34 | | Кәукей елді мекені тұсындағы көлдің жағалауы | 45.387871 ºС 61.803238 ºВ | 45.373457 ºС 61.790594 ºВ | 1200 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| Қармақшы ауданы | | | | | | |
| 35 | Сырдария өзені | Дүр Оңғар елді мекені тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы | 45.256639 ºС 64.249364 ºВ | 45.279768 ºС 64.230549 ºВ | 2000 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |
| 36 | | Абыла елді мекені тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы | 45.360528 ºС 64.203845 ºВ | 45.392994 ºС 64.199627 ºВ | 2000 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| 37 | | Сырдария өзенінің Қараөзек арнасына қосылған тұсынан "Шымкент-Самара" автокөлік көпіріне дейін | 45.47454 ºС 64.09183 ºВ | 45.46932 ºС 64.06467 ºВ | 3000 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| | | Қорқыт | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 38 | | станциясының тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы | 45.591389 ºС 63.923217 ºВ | 45.623972 ºС 63.908520 ºВ | 2500 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| 39 | | Ақай елді мекені тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы | 45.59537 ºС 63.28597 ºВ | 45.59747 ºС 63.25350 ºВ | 200 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| 40 | | "Тастақ" учаскесінің тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы | 45.69902 ºС 63.02702 ºВ | 45.70133 ºС 63.00049 ºВ | 200 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| 41 | Қараөзек арнасы | "Шығыс" каналынан Сырдария өзенінің Қараөзек арнасына қосылған тұсына дейін | 45.48049 ºС 64.11472 ºВ | 45.47454 ºС 64.09183 ºВ | 4000 метр | Шомылу жүзеге асырылмайды |
| Жалағаш ауданы | | | | | | |
| 42 | Қараөзек арнасы | Есет батыр елді мекенінен Жаңадария елді мекеніне дейінгі арнаның екі жақ жағалауы | 44.77878 ºС 64.62346 ºВ | 44.77891 ºС 64.62799 ºВ | 1500 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| 43 | Сол жаға магистралды каналы ( Шіркейлі) | " Жалағаш-Бұқарбай батыр" автокөлік жолы көпірінің тұсындағы каналдың екі жақ жағалауы | 45.02736 ºС 64.64077 ºВ | 45.02728 ºС 64.64089 ºВ | 2500 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| 44 | Сырдария өзені | " Жалағаш-Бұқарбай батыр" автокөлік жолы көпірінің тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы | 45.04856 ºС 64.65245 ºВ | 45.04836 ºС 64.65082 ºВ | 2500 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| | | Жалағаш кенті | 45.06162 ºС | 45.06160 ºС | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 45 | Елтай каналы | тұсындағы каналдың екі жақ жағалауы | 64.65609 ºВ | 64.65625 ºВ | 2500 метр | Шомылу жүзеге асыры лмайды |
| 46 | Коммунизм каналы | Ақсу елді мекені тұсындағы каналдың екі жақ жағалауы | 45.05505 ºС 64.69816 ºВ | 45.05481 ºС 64.69867 ºВ | 1500 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| 47 | Иіркөл көлі | М.Шәменов елді мекені тұсында | 45.120911 ºС 64.497219 ºВ | 45.120988 ºС 64.497082 ºВ | 1500 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| Сырдария ауданы | | | | | | |
| 48 | Сасық көлі | Жетікөл елді мекені тұсындағы учаске | 44.62684 ºС 65.57019 ºВ | 44.62750 ºС 65.56069 ºВ | 500 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| 49 | Әйтек каналы | Әйтек су торабының тұсындағы каналдың екі жақ жағалауы | 45.04173 ºС 64.97871 ºВ | 45.04448 ºС 64.99058 ºВ | 1000 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| 50 | Сол жаға магистрал ды каналы ( Шіркейлі) | Шаған елді мекені тұсындағы каналдың екі жақ жағалауы | 44.89232 ºС 64.96722 ºВ | 44.89626 ºС 64.95354 ºВ | 1200 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| 51 | Қараөзек арнасы | № 10 разъезд тұсындағы арнаның екі жақ жағалауы | 44.98768 ºС 65.27107 ºВ | 44.98600 ºС 65.26705 ºВ | 500 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| 52 | Қалғандария көлі | Тереңөзек кенті тұсында | 45.02704 ºС 64.98713 ºВ | 45.02940 ºС 64.97911 ºВ | 800 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| 53 | Сырдария өзені | Тереңөзек кентінің көпірі тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы | 45.01732 ºС 64.98941 ºВ | 45.01559 ºС 64.98302 ºВ | 1000 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| Шиелі ауданы | | | | | | |
| 54 | | Жөлек елді мекені тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы | 44.2996969 ºС 66.4406679 ºВ | 44.2862166 ºС 66.4212672 ºВ | 1800 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| | | Бұланбай бауы елді | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 55 | Сырдария өзені | мекені тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы | 43.9176395 ºС 66.6102073 ºВ | 43.8943015 ºС 66.6152660 ºВ | 2000 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| 56 | | Ботабай елді мекені тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы | 44.3437265 ºС 66.2137949 ºВ | 44.3530372ºС 66.1905562 ºВ | 1300 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| 57 | Р - 7 каналы | Бидайкөл елді мекенінің тұсында | 44.1535049 ºС 66.7393209 ºВ | 44.1314809ºС 66.7451709 ºВ | 3100 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| 58 | Ханқожа көлі | Бәйгеқұм елді мекені | 44.3060025 ºС 66.5012387 ºВ | 44.3233758 ºС 66.4669673 ºВ | 2700 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| Жаңақорған ауданы | | | | | | |
| 59 | К-1 каналы | Өзгент елді мекенінің тұсында | 43.747898 ºС 67.245869 ºВ | 43.747369 ºС 67.244060 ºВ | 1000 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| 60 | Сырдария өзені | Жаңақорған кентінің қалқымалы көпірі тұсындағы өзеннің екі жақ жағалауы | 43.86476 ºС 67.20203 ºВ | 43.86662 ºС 67.2029 ºВ | 1000 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| 61 | Тайпаққкөл каналы | Жаңақорған кенті | 43.87797 ºС 67.24763 ºВ | 44.88705 ºС 67.23963 ºВ | 1000 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| 62 | "Проток левый" каналы | Жаңақорған кенті | 43.88576 ºС 67.22705 ºВ | 43.90898 ºС 67.22795 ºВ | 3000 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |
| 63 | Сунақата каналы | Төменарық елді мекенінің тұсында | 44.01756 ºС 67.02686 ºВ | 44.03209 ºС 67.00165 ºВ | 3000 метр | Шомылу жүзеге асырыл майды |

Ескертпе: Қызылорда облысының аумағында орналасқан су объектілерінде шомылуға тыйым салынған жерлер тізбесі "Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар министрлігі Қызылорда облысының төтенше жағдайлар департаменті" мемлекеттік мекемесімен ұсынылған ақпаратқа сәйкес қалыптастырылды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК